

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексін іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 5 шілдедегі N 178-ө Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдар:

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге белгіленген тәртіппен енгізісін;

2) тізбеге сәйкес тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және қабылданған шаралар туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етсін ;

3) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес келтіру мақсатында бұрын қабылданған заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге тексеру жүргізісін және тиісті шаралар қабылдасын.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 5 шілдедегі
N 178-ө өкімімен

бекітілген

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексін іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындау мерзімі	Орындауға жауапты мемлекеттік орган
1	2	3	4	5
1	Азаматтық қызметке кіру және бос азаматтық қызметші лауазымына	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы		Еңбекмині

	орналасуға конкурс өткізу ережесін бекіту туралы		2007 жылғы шілде	
2	Азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині
3	Тиісті уәкілетті органдардың еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині
4	Ұйымдағы кадрларды кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі жалпы талаптарды бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы шілде	БҒМ
5	Уақытша еңбекке жарамсыздығы екі айдан астам мерзім белгіленуі мүмкін аурулар түрлерінің тізбесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы шілде	ДСМ
6	Орташа жалақыны есептеудің бірыңғай ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині (жинақтау), ЭБЖМ
7	Әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау және төлеу, сондай-ақ олардың мөлшерін анықтау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині (жинақтау), ЭБЖМ
8	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында мемлекеттік бақылауды ұйымдастыру және жүргізу ережесін бекіту	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині
9	Еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ақпаратты беру және мемлекеттік статистиканы жүргізу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині (жинақтау), СА
10	Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен	Қазақстан Республикасы		

	ұсталатын ұйымдар қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу жүйесін бекіту туралы	Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині (жинақтау), ЭБЖМ
11	Шетелдік жұмыс күшін тарту ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы желтоқсан	Еңбекмині
12	Акцияларының бақылау пакеті мемлекетке тиесілі ұлттық компаниялардың, акционерлік қоғамдардың басшы қызметкерлерін еңбек төлеу мен сыйлықақы беру шарттары туралы үлгі ережені бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині (жинақтау), Қаржымині, ИСМ, ЭМРМ, ЭБЖМ, ККМ, БҒМ, АШМ, МАМ, АБА
13	Азаматтық қызметшілерді аттестаттауды өткізу және шарттарының ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органдардың бұйрықтары	2007 жылғы шілде	Мүдделі мемлекеттік органдар
14	Қызметкерлерді еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқау беруді және білімдерін тексеруді жүргізу ережесі мен мерзімдерін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині
15	Мемлекеттік еңбек инспекторлары актілерінің нысандарын бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині
16	Ұйымдағы еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау қызметі туралы үлгі ережені бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині
17	Қызметкерлерге жұмыс берушінің қаражаты есебінен сүт, емдеу-алдын алу тағамын, арнайы киім, арнайы аяқ-киім және басқа да жеке қорғану құралдарын беру ережесі мен нормаларын және Қызметкерлерді жұмыс берушінің қаражаты есебінен ұжымдық қорғау құрал-	Уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы шілде	

дарымен, санитарлық-
тұрмыстық үй-жайлармен
және құрылғылармен
қамтамасыз ету ережесін
бекіту туралы

Еңбекмині

				(жинақтау), ДСМ
18	Еңбек кітапшаларының нысандарын және оларды жүргізу және сақтау ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині
19	Еңбек жағдайлары бойынша өндірістік объектілерді міндетті кезеңді аттестаттау жүргізу ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині
20	Қызмет салалары сәйкес келетін мемлекеттік органдар мен еңбек бойынша үлгі нормалар мен нормативтерді бекіту, ауыстыру және қайта қарау ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині
21	Қызметтеріне (тауарларына, жұмыстарына) тарифтерді (бағаларды, алым ставкаларын) мемлекеттік реттеу енгізілетін ұйымдар қызметкерлерінің еңбек нормаларын және еңбекақы төлеу жүйесінің параметрлерін беру, қарау және келісу ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині
22	Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығын, басшылар, мамандар мен басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығын және жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларын әзірлеу, байқаудан өткізу, қайта қарау, бекіту және қолдану ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині
23	Он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін және он сегіз жасқа толмаған қызметкерлердің жүктерді тасуы	Уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы шілде	

мен қозғалтуының шекті
нормаларын бекіту туралы

Еңбекмині

				(жинақтау), ДСМ
24	Әйелдердің еңбегін пайдалануға тыйым салынатын жұмыстардың тізімін және әйелдердің жүктерді тасуы мен қозғалтуының шекті нормаларын бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині (жинақтау), ДСМ
25	Жұмыс берушінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықты әзірлеуі және бекітуі ережесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині
26	Жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығына және қосымша ақылы жыл сайынғы еңбек демалысына құқық беретін өндірістердің, цехтардың, кәсіптер мен лауазымдардың тізімін, ауыр жұмыстардың, еңбек жағдайлары зиянды (ерекше зиянды) және (немесе) қауіпті жұмыстардың тізбесін бекіту туралы	Уәкілетті органның бұйрығы	2007 жылғы шілде	Еңбекмині (жинақтау), ДСМ

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:
Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
МММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералды ресурстар министрлігі
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
АБА - Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК